

**2023 жылға арналған мектепке дейінгі ұйымдардың
мемлекеттік білім беру тапсырысын
орналастыру жөніндегі комиссия отырысының
№ 70 хаттамасы**

19.10.2023ж.

Нугертаева Айгуль Бексултановна Ақмола облысы білім басқармасының Көкшетау қаласы бойынша білім бөлімінің басшысы, комиссия төрайымы;

Нуралин Нажмиден Муратович Ақмола облысы білім басқармасының Көкшетау қаласы бойынша білім бөлімінің мектепке дейінгі және жалпы орта білім беру секторының меңгерушісі, комиссия төрайымының орынбасары;

Акаева Рауза Кельмановна Ақмола облысы білім басқармасының Көкшетау қаласы бойынша білім бөлімінің әдіскері, комиссия хатшысы.

Комиссия мүшелері:

Кожаметов Болат Ризаханович «Қазақстандық салалық білім және ғылым зметкерлері кәсіптік одағының Нұр-Сұлтан қаласы мен мола облыстық ұйымы» ҚБ Көкшетау қ. филиалының зағасы (келісім бойынша);

Мукатаев Рамазан Сапарович қалалық мәслихат депутаты (келісім бойынша);

Кариева Алия Кабиболовна Ақмола облысы білім басқармасының Көкшетау қаласы бойынша білім бөлімі бас есепшісінің орынбасары;

Омирзакова Алия Жанакановна Ақмола облысы білім басқармасының Көкшетау қаласы бойынша білім бөлімінің әдіскері;

Куркин Юрий Борисович Ақмола облысы білім басқармасының Көкшетау қаласы бойынша білім бөлімінің құқық сұрақтары жөніндегі кеңесшісі;

Рыбинцева Светлана Петровна Ақмола облысы білім басқармасының Көкшетау қаласы бойынша білім бөлімінің техникалық қадағалау жөніндегі кеңесшісі;

Майбах Андрей Эдвардович Ақмола облысы білім басқармасының бас маманы.

Күн тәртібі:

1. «Тамерлан» балабақшасы» жеке мекемесіне бару нәтижелерін қарау

ТЫҢДАЛДЫ:

Ақмола облысы білім басқармасының Көкшетау қаласы бойынша білім бөлімінің басшысы, комиссия төрайымы А.Б. Нугертаева комиссия мүшелерін БАҚ-та, «Sinegor.kz» интернет платформасында «Тамерлан» балабақшасындағы жылу режимінің бұзылуы туралы жарияланғаннан кейін 2023 жылғы 18 қазанда «Тамерлан» балабақшасы» Жеке мекемесіне қайта бару қорытындыларымен таныстырды.

1. Барған кезде балабақша меңгерушісі О.И.Вязовая, тәрбиеші (бос орын), тәрбиешінің көмекшісі (бос орын), қызметтік үй-жайларды тазалаушы болмады.

2. Бейнебақылау камералары өшірілген, қоңырау түймесі жұмыс істемейді.

3. Күн тәртібі сақталмайды, балаларға түскі ас сағат 11:10-да берілді.

4. Аспаздың арнайы бейіндік білімі мен санитарлық кітапшасы жоқ.

Ас блогында балабақшаның тәрбиеленушісі болып табылмайтын аспаздың немересі болды.

5. Тоңазытқыштарда тауарлық қатар сақталмайды. Тәуліктік нормалар сақталмайды. Тәуліктік нормаларға арналған тоңазытқыш жоқ.

6. Қазақ және орыс тілдерінде оқытатын топтар бір топқа біріктірілген, мониторингтік топ барған кезде 20 бала болды.

СӨЗ СӨЙЛЕДІ:

Куркин Ю.Б. Ақмола облысы білім басқармасының Көкшетау қаласы бойынша білім бөлімінің құқық сұрақтары жөніндегі кеңесшісі, комиссия мүшесі келтірілген фактілер мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың Мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының (Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы), Үлгілік оқу жоспарының (Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 9 қыркүйектегі № 394 бұйрығы), Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламаларының (Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 14 қазандағы № 422 бұйрығы), «Денсаулық сақтау және білім беру ұйымдарында тамақтану стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 21 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-302/2020 бұйрығы, «Мектепке дейінгі ұйымдарға және сәбилер үйлеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 9 шілдедегі № ҚР ДСМ-59 бұйрығы, «Тиісті типтердегі және түрлердегі мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, қосымша білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы № 385 бұйрығы, «Мектепке дейінгі, орта білім беру ұйымдарын, сондай-ақ арнайы білім беру ұйымдарын жабдықтармен және жиһазбен жарақтандыру нормаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы № 70 бұйрығы, «Қазақстан Республикасының білім беру саласындағы қызметті жүзеге

асыратын террористік тұрғыдан осал объектілерінің терроризмге қарсы қорғалуын ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 30 наурыздағы № 117 бұйрығы талаптарының орындалмайтынын атап көрсетті.

ШЕШІМ:









1. Жекеменшік балабақшаға баруды жүзеге асыра отырып, комиссия 50 орынға арналған «Тамерлан» балабақшасы» Жеке мекемесі мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыруға арналған Тізбеге енгізу үшін «Еңбек нарығының қажеттіліктерін ескере отырып, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімі бар кадрларды даярлауға және мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуға, орта білім беруге және қосымша білім беруге мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы министрінің 2022 жылғы 27 тамыздағы № 381 (2022 жылғы 5 желтоқсандағы №280 өзгерістермен) бұйрығының 13, 14, 15-тармақтарында көрсетілген талаптарға ұсынылған құжаттардың сәйкес келмейтінін атап өтті.
2. Анықталған бұзушылықтар үшін 50 орындық «Тамерлан» балабақшасы» Жекеменшік мекемесін Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес 2023 жылға арналған мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыруға мектепке дейінгі ұйымдардың Тізбесінен алып тасталсын.
3. 2023 жылға арналған мемлекеттік білім беру тапсырысын төлеуді **2023 жылғы 19 қазаннан** бастап тоқтата тұру.

Комиссия төрайымы:


Нугертаева А.Б.

Комиссия мүшелері:



 Нуралин Н.М.
 Кожухметов Б.Р.
 Мукатаев Р.С.
 Кариева А.К.
 Омирзакова А.Ж.
 Куркин Ю.Б.
 Рыбинцева С.П.
 Майбах А.Э.

Секретарь комиссии:

 Акаева Р.К.